

ЖАРҒЫ

**«Міг» Мектепке дейінгі балаларды дамыту
орталығы»**

Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

«Міг» Мектепке дейінгі балаларды дамыту орталығы» ЖШС-нің

ЖАРҒЫСЫ

«Міг» Мектепке дейінгі балаларды дамыту орталығы» ЖШС

Жеке мекеме

1 Бөлім. Жалпы ережелер

1-бап. Серіктестіктің жарғысын бекіту

Осы жарғы ҚР Азаматтық кодексіне, «Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктері туралы», «Білім туралы» ҚР Заңдарына және тиісті білім беру қызметін регламенттейтін өзге де нормативтік құқықтық актілерге сәйкес дайындалады.

2 бап. Серіктестіктің құрылтайшысы

Серіктестіктің құрылтайшысы 25.04.1965 жылы Қызылорда облысында туған, ЖСН 650425401022, жеке куәлік №024493518 ҚР юстиция министрлігімен 10.12.2009 жылы берілген, мекен-жайы: Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласы, Батыс 2, 10Г, корпус 1, 31 пәтерде тұратын Қазақстан Республикасының азаматшасы Жиенбаева Мирамкуль Байдашовна болып табылады.

3-бап. Серіктестік қызметінің пәні, міндеттері мен мақсаттары

3.1. Мақсаты әрбір баланың жеке тұлға ретінде шығармашылық, рухани мүмкіндіктерін дамытуға қолайлы жағдайлар жасау, олардың дене дамуы мен психологиялық әл-ауқатын нығайту, балалардың мүдделері мен ата-аналардың сұранысын ескеріп қабілеттерін дамыту, балалады мектепке оқуға даярлау болып табылады.

3.2. Серіктестіктің негізгі міндеттері мыналар болып табылады:

- балалардың өмірін қорғау және денсаулығын нығайту, салауатты өмір салтының құндылықтарына қатыстыру;
- баланың жеке тұлғасының жан-жақты дамуы, оның мүдделерін қанағаттандыру, ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар негізінде қабілеттерін дамыту;
- балаға қоғамдық-әлеуметтік, табиғи ортада жемісті іс-әрекет жасауға және өмір сүруге мүмкіндік беретін, жеке тұлғаның әлеуметтік-рухани сапаларын қалыптастыру;
- коммуникативтік, танымдық, ойын және басқа да белсенділіктерін ынталандыру, білім алуға қажеттілігін қалыптастыру;
- талапкерлік, білімпаздық, өзін шығармашылық танытуға қабілетін дамыту;
- әр баланың эмоционалдық жайлылығын қамтамасыз ету, өзін қолайлы түйсінуін дамыту;
- 5-6 жас балалардың мектепалды даярлық концепциясын орындау.

3.3. Серіктестік негізгі міндеттерді іске асыру үшін мыналарға құқылы:

- өз қызметтерінде Білім және Ғылым Министрлігі ұсынған бағдарламасы эксперттік кеңесі авторлық, бейімдеу, қосымша бағдарламаларды қолдануға;
- балаларды тәрбиелеу және оқыту әдістерін, түрін және тәсілдерін таңдауға;

- ҚР Үкіметімен белгіленген ретімен, негізгі білім беру іс-әрекеті аумағында оқыту және т.б. ақылы қызмет көрсетуі.

Қосымша қаржы көздерін тартуға:

- заңды тұлғалардың ерікті көмектері мен ерікті жарналары, компаниялардың, ұйымдардың, мекемелер мен тұлғалардың демеушілік көмектері.

3.4. Серіктестіктің қызметтері:

- 1) нормативтік талаптарға сәйкес өзінің базасын материалдық-техникалық қамтамасыз етуді, жабдықтауды іске асыру;
- 2) оқытушылық бірлестіктердің қызметіне жәрдемдесу;
- 3) қаржылық және материалдық ресурстардың түсуі және жұмсалуды туралы есепті құрылтайшыға ұсыну;
- 4) Қазақстан Республикасының заңнамасына, Серіктестік қызметінің пәні мен мақсаты қайшы келмейтін басқа да құқықтар;
- 5) мектепке дейінгі біліммен қамтамасыз ету, оның ішінде Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Серіктестікте медициналық қызметін ұйымдастыру.

3.5 Серіктестіктің қызметінің мәні болып табылады:

- мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың білім беру бағдарламаларын іске асыру;
- балаларға арналған қосымша білім беруді іске асыру;
- іске асырылатын білім беру бағдарламаларының сапасын қамтамасыз ету;
- білім беру процесін ұйымдастыруда қолданылатын нысандардың, әдістердің және құралдардың балалардың жас, психикалық-физиологиялық ерекшеліктеріне, бейімділігіне, қабілеттеріне, ынталары мен қажеттілігіне сәйкестігін қамтамасыз ету;
- білім беру процесі кезінде балалардың және қызметкерлердің өмірі мен денсаулығын қорғауды қамтамасыз ету;
- балаларды тәрбиелеу, оқыту, бағу, күту және сауықтыру;
- тәрбиеленушілердің жалпы мәдени, зияткерлік және тұлғалық қалыптасуына көмек көрсету, олардың шығармашылық қабілеттері мен ойларын, өз-өзіне қызмет көрсету, жатақханалық және азаматтық жүріс-тұрыс дағдыларын дамыту, жалпы адами құндылықтарға бейімдеу;
- дене шынықтыру-сауықтыру және спорттық іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу, спорт секцияларын, демалыс орталықтарын құру;
- мектеп жасына дейінгі балалардың дене және психикалық денсаулығын қорғау және нығайту, оларды салауатты өмір салты құндылықтарына бейімдеу;
- мектеп жасына дейінгі балалардың зияткерлік және жеке басының дамуын қамтамасыз ету, олардың ынталарын қанағаттандыру жалпы адамға және ұлттық құндылықтарға бейімдеу негізінде қабілеттерін дамыту;
- мектеп жасына дейінгі балаларда бастамашылықты, білімқұмарлықты, еркіндікті және шығармашылық жағынан өзін-өзі көрсету қабілетін дамыту;
- балалардың мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың бағдарламаларын игеруіне жағдай жасау;
- тәрбиеленушілердің ата-аналарымен өзара қарым-қатынас жасау;
- тілдерді үйрену курстарын ұйымдастыру;
- репетиторлық қызметтер;
- қызығушылықтарына қарай үйірмелер ұйымдастыру;
- балалардың шығармашылық дамуына жағдай жасау;

3.6. Тәрбиеленушілердің контингенті олардың жасына және ұйымның түріне сәйкес қалыптасады. Серіктестік екі жастан алты жасқа дейінгі балаларды қабылдайды.

3.7. Серіктестікте мектепке дейінгі және мектепалды топтары бар.

3.8. Топтардағы балалар саны «ҚР мектепке дейінгі мекемелер қызметтерін ұйымдастыру тәртібі» туралы Ережесіне сәйкес анықталады. Топтардың толтырылуы балалардың жас ерекшеліктеріне қарай құралады:

3 жастан 4 жасқа дейін – 25 баладан артық емес;

4 жастан 6 жасқа дейін – 25 баладан артық емес.

3.9. мектепке дейінгі білім беру балаларды мектепке дейінгі дайындық түрінде бес жастан жүзеге асырылады.

3.10. Серіктестік заңдармен тыйым салынбаған (Жарғыда көрсетілгендерден басқа) басқа да қызмет түрлерімен айналысуға құқылы.

3.11. Арнайы рұқсат (лицензия) талап етілетін жекелеген қызмет түрлерімен Серіктестік заңдармен белгіленген тәртіпте берілген рұқсаттың негізінде айналысады.

4 – бап. Серіктестіктің атауы және заңды мекенжайы.

1) Мемлекеттік тілде: «**Mir**» Мектепке дейінгі балаларды дамыту орталығы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, қысқаша: «**Mir**»МБДО» ЖШС

2) Орыс тілінде: Товарищество с ограниченной ответственностью «Центр развития дошкольников «Mir», сокращенное: ТОО «ЦРД «Mir»

3) Серіктестіктің орналасқан жері мен мекен-жайы: Қазақстан Республикасы 030000, Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласы, Батыс 2, 10Г, корпус 1, 31 пәтер.

5- бап. Серіктестіктің заңды мәртебесі.

1) Серіктестіктің белгіленген тәртіпте мемлекеттік тіркеуден өткен сәттен бастап шағын кәсіпкерлік субъектісі мәртебесімен заңды тұлға құқықтарына ие болады.

2) Жекеменшік, толық күндік мектепке дейінгі ұйым болып табылады және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік білім беру тапсырысы (дотация) негізінде қызметін жүзеге асырады.

3) Өз қызметінің мақсатына жету үшін Серіктестік құқықтарға ие болуға, міндеттер алуға және қолданылып жүрген заңдар мен осы Жарғыға қайшы келмейтін кез келген іс-қимылдар жасай алады.

4) Өз қызметінің мақсатына жету үшін Серіктестік өз атынан шешімдер жасауға мүлкі және мүлкі емес құқықтар мен міндеттерге ие болуға, сотта талапкер мен жауапкер, сондай-ақ өзге де тарап ретінде болуға құқылы.

5) Серіктестік өзіне тиесілі мүлктің, соның ішінде жарғылық капиталға салым ретінде не өзге де ақысыз негізінде қатысушымен берілген мүлктің меншік иесі болады.

6) Серіктестік ҚР қолданылып жүрген заңдарына сай заңды негізде алынған мүлкті иеленеді, пайдаланады және билік етеді.

7) Заң актідерімен белгіленген тәртіпте Серіктестік өзге заңды тұлғаларға құрылтайшы (қатысушы) болуға, сондай-ақ, олардың қызметіне басқа да нысанда қатыса алады.

8) Өз қызметін жан-жақты кеңіту мақсатында, өкілдік қызметті жүзеге асыру үшін сондай-ақ өзге де міндеттерді шешу үшін Серіктестік филиалдар мен өкілдіктер құра алады.

9) Филиалдар мен өкілдіктерге Серіктестік есебінен негізгі және айналымдағы қаражаттар бөлініп беріледі. Филиалдар мен өкілдіктердің басшылары Серіктестікпен берілген сенімхаттың негізінде әрекет етеді.

10) Серіктестік өзінің өндірістік-шаруашылық қызметін, сондай-ақ, ұжымның әлеуметтік дамуын өз алдына жеке жоспарлайды.

- 11) Серіктестік техникалық, әлеуметтік, экономикалық және саясатын жүзеге асыру мақсатында құжаттардың (басқарушылық, қаржы-шаруашылық, жеке құрам бойынша) сақталуына жауап береді.
- 12) Серіктестік қолданылып жүрген заңдармен тыйым салынбаған әрекеттерді жасауға құқылы. Серіктестік қызметі Жарғыда көзделген қызметтермен шектелмейді. Жарғылық қызмет шегінен шыға отырып жасалынған мәмілелер, егер заңдарға қайшы келмесе, жарамды болып табылады.
- 13) Серіктестік шағын кәсіпкерлік субъектісі болып табылады.

6-бап. Серіктестіктің әрекет ету мерзімі.

- 1) Серіктестік заңмен және осы Жарғыда белгіленген тәртіппен мерзімінен бұрын таратылған немесе тоқтату жағдайларын қоспағанда, белгіленбеген мерзімге құрылған.
- 2) Жарғы белгіленген тәртіппен Серіктестік мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін күшіне енеді.

2 Бөлім. Білім беру қызметін ұйымдастыру

7-бап. Іске асырылатын білім беру бағдарламаларының тізімі.

- 1) Серіктестіктегі тәрбиелеу-білім беру процесі мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, сондай-ақ, балаларға арналған қосымша білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты негізінде әзірлеген бағдарламаларына және оқу жоспарларына сәйкес жүзеге асырылады, сонымен қатар, Жарғымен айқындалады.
- 2) Серіктестік тиімді оқу процесін қамтамасыз ету үшін (адамгершілік пен салауатты өмір салтының негізін қалыптастыру, бала тұлғасын, шығармашылық, рухани және дене қабілеттерін дамыту) Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы орталық атқарушы органы бекіткен балама авторлық бағдарламаларын, тәрбиелеудің, білім беру мен сауықтырудың жаңа технологияларын енгізуге педагогтарға таңдауға және қолдануға құқық береді.
- 3) Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпы білім беру бағдарламасы:
 - Балаларды тәрбиелеу, оқыту, дамыту және жетілдіру бірлігі принципін ескере отырып, мектепке дейінгі және бастауыш білім беру сабақтастығын және үздіксіздігін қамтамасыз етеді.
 - Оның жасына және жеке қабілеттеріне (балаларды нормативтік толтыру жағдайында), білім беру бағдарламасының мазмұнына сәйкес баланың белсенділігін ұйымдастырады.
 - Оқу, жазу, санау және тіл байланыс тәжірибесі негізгі дағдыларын қалыптастырады және бастауыш білім беруді қамтамасыз ету үшін бастапқы жағдайар жасайды.
 - Балаға тегін және қосымша ақылы білім беру және медициналық қызмет көрсетеді.

8-бап. Білім беру ұйымына қабылданудың тәртібі

- 1) Мектепке дейінгі орталыққа қабылдау тәртібі тиісті үлгідегі қабылдау ережелеріне сай болуы тиісті және нақты ережемен белгілеген.
- 2) Мектепке дейінгі мекемелерге қабылдау, есепке алу, тіркеу және анықтама беру тиісті саладағы басқару жөніндегі уәкілетті орган айқындайды. Мектепке дейінгі орталыққа баланы қабылдауды баланың даму тарихын үзінді және жегілікті педиатрдың эпидемиологиялық ортасы туралы анықтамасы, уәкілетті органның анықтамасы негізінде басшысы жүзеге асырады.
- 3) Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарына білім беру ұйымының қызмет ететін аумағында тұратын және аталған орталыққа балаларын орналастырғысы келген ата-

ананың ойын қанағаттандыруға тырысу (орын болған жағдайда), сонымен қатар, орталықта орынмен қамтамасыз ету үшін қабылдаудың үлгі қағидалары негізінде орталыққа түсу тәртібін бекіткен жергілікті атқарушы органдары қағидаларымен белгіленеді.

- 4) Орталыққа орналасу тәртібі ҚР «Білім туралы» Заңына сәйкес және қабылдау ережелерінің тиісті түрлерімен реттелмеген бөлігінде, Серіктестіктің құрылтайшысымен белгіленеді.

9-бап. Оқу процесін ұйымдастыру тәртібі

- 1) Білім беру ұйымдарында оқу-тәрбие процесі жұмыстық оқу жоспарының және жұмыс оқу жоспарларына сәйкес жүзеге асырылады.
- 2) Оқу-жаттығу үдерісінің негізі білім беру ұйымы жүзеге асыратын оқыту және тәрбие жұмысын жоспарлау және бухгалтерлік есеп болып табылады.
- 3) Білім беру жұмысын жоспарлау толық оқу жоспарлары мен бағдарламаларды уақытында орындалуын қамтамасыз ету тиіс. Білім беру мекемелерінде оқу және тәрбие жұмыстарын жылдық жоспарды бекіту арқылы жүзеге асырылады.
- 4) Білім беру ұйымдарында білім беру бағдарламалары оқу процесінің ажырамас бөлігі болып табылады және патриотизм, азаматтық, интернационализм, жоғары модель мен этика, сондай-ақ, тәрбиеленушілер мен оқушылардың әр түрлі мүдделері мен қабілеттерін дамытуды қалыптастыруға бағытталған.
- 5) Тіл саясаты Қазақстан Республикасының Конституциясына және Қазақстан Республикасының тілдер туралы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.
- 6) Серіктестік қазақ және орыс тілінде оқытатын топтар ашады, сондай-ақ, ағылшын тілін оқытуды қамтамасыз етеді.

10-бап. Тәрбиелеу – білім беру процесіне қатысушылар, олардың құқықтары мен міндеттері

- 1) Оқыту-тәрбиелеу істерінің негізгі қатысушылары балалар және олардың ата-аналары, оларды заңды алмастырушылар мен басқа да педагогтар.
- 2) Баланың құқығы «Бала құқығы туралы» БҰҰ Конвенциясымен, ҚР Заңдылықтарымен, ата-аналар және Серіктестік арасындағы келісім-шарттармен және Қазақстан Республикасының өзге де қосалқы құқықтық аактілерімен кепілденеді.
- 3) Әрбір балаға төмендегі кепілдіктер беріледі:
 - оның өмірі мен денсаулығын қорғау;
 - психологиялық, моральдық және денелік күш көрсетудің барлық түрінен қорғау;
 - оның ар-намысын қорғау;
 - тәрбиелеу және оқытудың мемлекеттік стандарттарына сәйкес баланың шығармашылық қабілеті мен мүддесін дамыту;
 - баланың қабілеті, білімі, тілегі және денсаулық жағдайына сәйкес қосымша білім алу, сауықтыру қызметтерін алу;
 - сапалы мектепалды дайындық.
- 4) Ата-аналар (заңды өкілдер) құқығы:
 - баланың тұлғалық ерекшелігі мен бейімділік тілегіне, денсаулық жағдайы ескеріле отырып мектепке дейінгі Мекемені таңдай алу;
 - баланы тәрбиелеу мен оқыту мәселелері жөнінде кеңестік көмектер алу;
 - мектепке дейінгі Мекеме Жарғысында анықталған талаптар шеңберінде баланы тәрбиелеу мен дамыту, күту, қадағалауды талап ету;

- педагогикалық кеңес, ата-аналар жұмыстарына қатысу;
 - балаларды бағу жағдайларын арттыру үшін Мекеме өміріне белсене араласу;
 - ата-аналармен Балабақша арасындағы келісім-шарттың сөзсіз орындауын талап ету;
 - ата-аналар келісім-шарттарын мерзімінен бұрын тоқтату;
 - оқыту-тәрбиелеу істерін реттейтін Серіктестік Жарғысымен және басқа да құжаттармен танысу;
 - баланы шығару жөніндегі жазбаша хабарламаны алған мезеттен бастап бір ай ішінде Серіктестіктің баланы шығарып жіберу туралы шешіміне шағымдануға құқығы бар.
- 5) Ата-аналар (заңды өкілдер) төмендегілер үшін жауапкершілікте болуы міндетті:
- Балалардың тұрақты келуін қамтамасыз ету;
 - Серіктестік Жарғысын орындау;
 - Ата-аналар жиналысына қатысу;
 - Ата-аналар мен Серіктестік арасындағы қол қойылған келісім-шарттың шарттарын орындау.
 - Баланы бағуға қажет қаражатты дер кезінде төлеу;
 - Баланың сырқаттанғаны немесе басқа да себептер болуы туралы орталыққа дер кезінде хабар беру;
 - Баланың дамуы, оқыту және тәрбиелеуде көмек көрсету.
- 6) Балалармен педагогикалық жұмыстары жоғары, орта кәсіби және педагогикалық білімдері бар мамандар жүзеге асырады;
- 7) Педагогикалық қызметтерге соттың шешімдерімен және медициналық себептер негіздемелері бойынша осы қызметтермен шеттетілген, сонымен бірге қылмысы үшін сотталған адамдарға жол берілмейді.
- 8) Тәлімгерлер және басқа да педагогтар білім беру процесі кезінде балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау үшін дербес жауапты болады.
- 9) Тәлімгерлер және басқа да педагог қызметкерлерінің міндеттері:
- Салауатты өмір салты дағдыларын бере отырып, баланың өмірі мен денсаулығын қорғауды қамтамасыз ету;
 - Мектепке дейінгі тәрбие оқытудың мемлекеттік стандарттарында қаралған деңгейден төмен емес баланы дамытуды қамтамасыз ету;
 - Педагогикалық этика нормасын сақтау;
 - Тәрбиеленушілердің ар-намысын құрметтеу;
 - Дер кезінде дәрігерлік қаралудан өті;
 - Баланы тұлғалық және шығармашылық қабілеттерін анықтау және дамыту;
 - Өзінің кәсіби деңгейін арттыру және жетілдіру;
 - Салауатты өмір салтын ұстануға міндетті;
 - Оқыту-тәрбиелеу істері негізінде Серіктестік тәрбиешілері және басқа да педагог қызметкерлері балалардың өмірі мен денсаулығын қорғауға дербес жауапкершілікте болады.
- 10) Тәрбиешілер мен басқа да педагог қызметкерлер құқығы:
- Тиісті кәсіби білімі бола тұрып педагогтық қызметпен айналысуға;
 - Мектепке дейін тәрбиелеу мен оқытудың мемлекеттік жалпы білім беру стандарттары талаптарын сақтаған кезде қызметтің әдістерін, ұйымдастыру нысандарын еркін тандап алуға;
 - Педагогтық кеңестің жұмысына қатысуға;
 - Санат алу, қызметте өсу үшін мерзімінен бұрын аттестаттаудан өтіге;
 - Өзінің кәсіби қадыр-қасиеті мен ар-ожданын, сондай-ақ, Қазақстан Республикасы Еңбек Кодексі заңымен кепілдік берілген басқа да құқықтарын қорғауға құқылы;

- Мектепке дейінгі ұйымның қызметкерлерінің еңбек ақысын төлеу жүйесі ҚР заңдылықтарымен анықталған;
- Қызметкерлердің еңбек ақы және қызметтік ақылары еңбек стажы, біліктілігіне сәйкес, функционалды міндеттеріне байланысты құрылады.
- Эксперимент тәртібінде жұмыс жасайтын ұйымның педагогикалық қызметкерлеріне ҚР Заңдылығымен анықталған тәртіппен жүргізіледі.
- Мектепке дейінгі ұйымның педагогикалық қызметкерлеріне арналған апталық нормативтік оқу жүктемесі – 24 сағатты құрайды.

11-бап. Ақылы қызмет көрсету тізбесі мен тәртібі

Жеке білім беру ұйымдары білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттары аясында оқытуды қоса алғанда ақылы көзделген тауарларды (жұмыстар және қызметтер) сатудан түскен түсімді, заңнамада тыйым салынбаған басқа да қаржыландыру көздерін, құрылтайшылар дербес пайдаланады.

12-бап. Тәрбиеленушілер мен олардың ата-аналарына және өзге де заңды өкілдерінің білім беру ұйымымен қарым-қатынастарды рәсімдеу тәртібі.

- 1) Білім беру арқылы және тегін қызмет көрсететін ұйымда оқушының, ата-аналар мен өзге де заңды өкілдерінің қарым қатынасы келісім-шартпен реттеледі. Үлгілік шарттың нысаны Серіктестіктің директорымен бекітіледі.
- 2) Балаларға қызмет көрсету үшін ақы төлеу негізін құрылтайшы бекітеді және келісім-шартқа сәйкес төленеді.
- 3) Баланың орны мынадай жағдайларда сақталады:
 - Баланың сырқаттануы жеті күнтізбелік күннен көп емес және 15 күнтізбелік күнге созылған жағдайда;
 - Санаториялық, курорттық, медициналық және т.б. мекемелерде емделу және сауықтыру кезінде;
 - Ата-анасының біреуіне еңбек демалысы берілгенде;
 - Жазғы мезгілде баланы сауықтыру, 1 айға дейін.
- 4) Басшының балаларды мектепке дейінгі ұйымнан шығаруы Құрылтайшының және тиісті басқару жөніндегі уәкілетті органның келісімімен мынадай жағдайда жүргізіледі:
 - Баланы күтіп бағу үшін ай сайынғы төлемін уақытылы жасалмауы (7 күннен артық);
 - Әкімшілікке ескертпей баланың себепсіз келмеуі;
 - Мектепке дейінгі ұйымда болуына кедергі болатын жағдайда, баланың жағдайы туралы медициналық қорытынды бойынша және басқару жөніндегі уәкілетті органның тиісті саласына қатысты жол берілмейді.
- 5) Серіктестіктің жұмыс тәртібін педагог қызметкерлерге арналған («Білім туралы» Заңның 40 бабы) нормативтік оқу жүктемесін негізге ала отырып, құрылтайшы бекітеді және ол мынадай болады: бес күндік, демалыс күндері: сенбі, жексенбі және мереке күндері.
- 6) Серіктестіктің жұмыс режимі Шарт арқылы анықталады.
- 7) Тәрбиеленушілердің білім деңгейін бағалау келесі негіздер бойыншы жүзеге асырылады:
 - Жас шамасына сәйкес балалардың білім, дағды, іскерлік деңгейлері;
 - Баланың мектепке дайындығы;
 - Серіктестікті аттестациялау кезінде;
 - ҚР Заңдылықтарына қайшы келмейтін басқа да бақылау түрлері;

Тәрбиеленушілердің оқу жүктемелері, сабақтардың ұзақтық тәртібі ҚР мемлекеттік жалпы білім беру стандарттарымен анықталады.

Серіктестік үш жылда бір рет ҚР «Білім туралы» Заңына сәйкес (59 б, аттестациядан өтеді).

3 Бөлім. Мүлік, таза пайданы бөлу, есеп және есеп беру

13-бап. Серіктестік мүлкі

Серіктестіктің мүлкі құрылтайшының (қатысушының) салымдарын серіктестікпен табылған пайданың есебінен, сондай-ақ, заңдармен тиым салынбаған басқа да қайнар көздерден құралады.

14-бап. Таза пайданы бөлу

Серіктестіктің салық және өзге де міндетті төлемдерден қалған таза пайдасын қатысушы бөледі.

15-бап. Серіктестіктегі есеп және есеп беру

- 1) Серіктестіктің қаржылық күні күнтізбелікке сай келеді.
- 2) Бухгалтерлік есеп, ағымдағы бухгалтерлік операциялар, қаржылық қорытынды жасау, қаржылық және статистикалық есеп берулер ҚР заңдарымен белгіленген нормалар бойынша жүзеге асырылады.
- 3) Бухгалтерлік есеп беру қаржылық және өзге құжаттар ҚР заңдарына сәйкес жүзеге асырады.

4 Бөлім. Серіктестіктің жарғылық капиталы

16-бап. Жарғылық капитал

Серіктестік жарғылық капиталы 100 000 (жүз мың) теңгені құрайды

5 Бөлім. Басқару органдары

17-бап. Жоғарғы орган

- 1) Серіктестік жалғыз қатысушыдан тұрады және жалпы жиналыстың құзырына жататын мәселелер онымен жеке қабылданып, жазбаша рәсімделеді.
- 2) Серіктестік қатысушының ерекше құзырына мыналар жатады:
 - Серіктестіктің жарғылық капиталының мөлшерін өзгертуді қоса алғанда оның жарғысын, орналасқан жері мен фирмалық атауын өзгерту, немесе серіктестік жарғысын жаңа редакцияда бекіту;
 - Серіктестіктің атқару органын құру оның өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтап, сондай-ақ, серіктестікке оның мүлкін сеніммен басқару құқығын беру туралы шешім және оның шарттарын анықтау;
 - Серіктестік ревизорын тағайындау және оның өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтап, сондай-ақ, ревизордың есебін және қорытындысын бекіту;
 - Жылдық қаржылық есепті бөлу және пайданы бөлу;
 - Серіктестіктің ішкі қызметін реттейтін ережелерді бекіту, оларды және басқа да құжаттарды, осы жарғымен олардың бекітілуі Серіктестіктің өзге де органдарының құзырына жатқызылған құжаттардың басқа, қабылдау рәсімдерін анықтау;
 - Серіктестіктің өзге де заңды тұлғаларға қатысуын, сондай-ақ, коммерциялық емес ұйымдарға қатысуын шешу;

- Серіктестіктің қайта ұйымдастырылуы мен таратылуы жөнінде шешу;
- Тарату комиссиясын тағайындау және тарату балансын бекіту;
- Серіктестік мүлкін кепілге беру жөнінде шешу;
- Серіктестік мүлкіне қосымша жарналар енгізу туралы шешу;
- Филиалдар мен өкілдіктер құру туралы шешу;
- Қатысушылар құрамын ұлғайту туралы шешу;
- Серіктестікке қатысушы, өзінің құзыреті осы жарғыда қалай белгіленгеніне қарамастан, серіктестік қызметіне байланысты кез келген мәселені қарауға алуға құқылы;
- Қатысушы жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің өзге де органдардың серіктестіктің ішкі қызметіне қатысты мәселелері бойынша кез келген шешімдерін бұзуға құқылы.

18-бап. Атқарушы орган

- 1) Серіктестіктің атқарушы органы Диретор болып табылады.
- 2) Диретор Серіктестік жарғысымен және заңмен қатысушының ерекше құзырына жатпайтын мәселелерін басқа серіктестіктің қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асырады.
- 3) Директор қатысушының қолдауымен тағайындалады.
- 4) Директор Серіктестік атынан сенімхатысыз әрекет етеді. Серіктестік мүддесін білдіруге сенімхат береді, сенім ауыстыру құқығын пайдалана алады.
- 5) Серіктестік Директоры:
 - Серіктестік қызметінің жоспарларын, сондай-ақ, жалғыз қатысушы шешімдерін орындауды қамтамасыз етеді;
 - Жалғыз қатысушы шешімімен, осы Жарғымен және қолданылып жүрген заңдармен белгіленген шектерде серіктестік мүлкіне билік етеді;
 - Серіктестіктің, сондай-ақ, оның филиалдары мен өкілдіктердің штаттық кестелерін бекітеді;
 - Серіктестік қызметкерлеріне қатысты оларды қызметке тағайындау туралы, оларды басқа жұмысқа ауыстыру және жұмыстан шығару туралы бұйрықтар шығарады, еңбекке ақы төлеу жүйелерін белгілейді, сыйақы беру мәселелерін шешеді, көтермелеу шараларын және тәртіптік жазалар қолданады;
 - Іс-сапарлар туралы шешім қабылдайды;
 - Серіктестік пен Қазақстан Республикасының ғана емес одан тыс жерлердің мекеме, ұйым, кәсіпорындарында білдіреді;
 - Серіктестіктің есеп-шоттарын, валюталық және басқа да шоттарын ашады.
 - Шарттар мен басқа да мәмілелер жасайды;
 - Құрылтайшымен келісе отырып қызмет көрсетулерге тарифтер мен өнімдерге шарттық бағаларды бекітеді;
 - Бухгалтерлік есеп пен есеп беруді ұйымдастырады,
 - Серіктестік қызметі жөнінде жылдық баланс пен жылдық есепті дайындайды және оларды қатысушының бекітуіне ұсынады;
 - Серіктестік ағымдағы қызметімен байланысты басқа да шешімдер қабылдайды.
- 6) Қатысушымен жазбаша келісе отырып Директор ұлттық және шетел валютасымен несиелер алуға құқылы.
- 7) Өз қызметіне Директор осы Жарғыны, қолданылып жүрген заңдарды басшылыққа алады.

6 Бөлім. Серіктестік пен қатысушы арасындағы қарым-қатынастар

19-бап. Серіктестікке қатысушыға және үлестерді сатып алушыларға серіктестіктің қызметі туралы ақпаратты ұсыну тәртібі және мерзімі

- 1) Қатысушының, сондай-ақ, үлесті сатып алушының талап етуі бойынша Серіктестік қатысушыға (үлесті сатып алушыға) ақпаратты, сондай-ақ, қатысушының мүдделерін қозғайтын құжаттардың көшірмелерін, сонымен қатар, Серіктестіктің қызметін айқындайтын құжаттардың, солардың ішінде құрылтай құжаттарының, лицензияның рұқсатын, бухгалтерлік және басқа да құжаттардың көшірмелерін беруге міндетті.
- 2) Серіктестіктің мүшесі (үлесті сатып алушы) ақпаратты алу мақсатында Серіктестіктің атқарушы органына жазбаша хабарласады. Серіктестік мүшесінің (үлесті сатып алушы) сұранысы кіріс құжаттарын тіркеу журналында есепке алыну керек. Серіктестік талап етілетін ақпаратты (талап етілетін құжаттардың көшірмелерін қатысушыға, (үлесті сатып алушы) 15 күнтізбелік күн ішінде табыс етеді.
- 3) Серіктестік қызметі туралы ақпарат «Актобинский вестник» газетінде жарияланады.

20-бап. Серіктестіктің қарыздары бойынша қатысушының жауапкершілігі

- 1) Серіктестіктің қатысушысы оның міндеттемелері бойынша серіктестіктің жарғылық капиталына қосқан салымдарының құны шегінде жауап береді және серіктестік қызметіне байланысты зияндарға тәуекел етеді.
- 2) Серіктестіктің жарғылық капиталға салымдарын толық енгізбеген қатысушы оның міндеттемелері бойынша салым енгізбеген бөлігінің құны шегінде жауапты болады.

21 бап. Қатысушының құқықтары мен міндеттері

- 1) Заңмен, сондай-ақ, осы Жарғымен көзделген тәртіппен қатысушы:
 - Серіктестік істерін басқаруға қатысуға;
 - Серіктестік қызметінен табыс алуға;
 - Серіктестіктің қызметі туралы табыс алуға, оның бухгалтерлік және өзге де құжаттамасымен танысуға;
 - Серіктестік таратылған жағдайда кредит берушілермен есеп айырысқаннан кейін қалған мүліктің бір бөлігін заттай алуға;
 - Өз үлесін бөліп алу арқылы серіктестікке қатысуын тоқтатуға;
 - Заңда және осы Жарғыда көзделген өзінің құқықтарын бұзған серіктестік органдарының шешімдеріне сот тәртібімен дау айтуға;
 - Заңдармен жауапкершілігі шектеулі серіктестікке қатысушыға берілген өзге де құқықтарды пайдалануға құқылы.
- 2) Қатысушы:
 - Жарғылық талаптарын, Серіктестіктің ішкі құжаттарымен белгіленген ережелерді, сондай-ақ, Серіктестіктің басқару органдарының өз құзыры шегінде қабылданған шешімдер мен өкімдерін сақтауға;
 - Құрылтай құжаттарында көзделген тәртіпте, мөлшерде және мерзімде, серіктестіктің жарғылық капиталына салымдар салуға;
 - Серіктестік коммерциялық құпия деп жарияланған мәліметтерді жария етпеуге;
 - Серіктестік мүлкін сақтауға;

- Серіктестікке қатысушылардың тізімін жүргізуген жағдайда серіктестікке қатысушылардың (Серіктестікке қатысушылардың тізімін жүргізуді тіркеуші жүзеге асыратын серіктестіктерді) олардың атауы, орналасқан жері, мекен-жайы, банк реквизиттері (егер қатысушы заңды тұлға болса) немесе аты-жөні, тұратын жері мен жеке басын куәландыратын құжаттың деректері (егер қатысушы заңды тұлға болса) көрсетілген тізбенің өзгергені туралы атқарушы органға, сондай-ақ, тіркеушіге жазбаша хабарлауға;
 - Серіктестікке қатысты өзіне алған міндеттемелерді орындауға;
 - Серіктестікке өз қызметін жүзеге асыруына көмек көрсетуге міндетті.
- 3) Қатысушы құқықтық актілермен, осы Жарғымен және Серіктестіктің ішкі құжаттарымен жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің қатысушысына жүктелетін өзге де міндеттерді көтереді.

7 Бөлім. Еңбек және қызметкерлер

22-бап. Еңбек және еңбекақысын төлеу

- 1) Серіктестік пен қызметкерлердің Еңбек қарым-қатынасы Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексімен реттеледі.
- 2) Серіктестік жалақы түрін дербес анықтайды, олар біліктілігі мен санаттарына сәйкес ең төменгі кепілді жалдамалы жұмысшылар ретінде мемлекеттік қарқынын ескере отырып, тарифтік ставкалар мен жалақылар өлшемін қамтамасыз етеді, сондай-ақ, ынталандыру ақыларын, үстемақылар, қосымша ақы және көтермелеудің басқа нысандарын енгізеді.

23-бап. Қызметкерлер

- 1) Серіктестік пен қызметкерлер арасындағы қатынастарды анықтайтын негізгі құжат еңбек шарты болып табылады. Еңбек шартында заңдарға қайшы келмейтін барлық жұмы үшін қажетті жағдайлар, сондай-ақ, басқа да жағдайлар қарастырылады.
- 2) Серіктестіктің лауазымды қызметкері Директор болып табылады. Лауазымды тұлғаларды тағайындау және қызметтен босату тәртібі осы Жарғымен айқындалады.

8 Бөлім. Серіктестікті қайта ұйымдастыру және оның қызметін тоқтату ережелері

24-бап. Серіктестікті қайта ұйымдастыру

- 1) Серіктестікті қайта ұйымдастыру ерікті түрде қатысушының шешімімен Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарында көзделген тәртіп жүргізіледі.
- 2) Заң актілерінде белгіленген жағдайларда Серіктестікті бөлу немесе оның құрамынан бір немесе бірнеше серіктестікті бөліп шығару нысанында серіктестікті қайта ұйымдастыру уәкілетті мемлекеттік органдардың шешімі бойыншы немесе соттың шешімі бойынша жүзеге асырылады.
- 3) Заң актілерінде белгіленген жағдайларда қосу немесе біріктіру нысанынды Серіктестікті қайта ұйымдастыру уәкілетті мемлекеттік органдардың келісімімен ғана жүзеге асырылуы мүмкін.

- 4) Егер заң актілерінде немесе қайта ұйымдастыру туралы шешімде өзгеше көзделмесе, қайта ұйымдастырылған серіктестіктің мүлкі оны тіркеу кезінде оның құқықтық мұрагеріне ауысады.

25-бап. Серіктестіктің қызметін тоқтату

- 1) Серіктестіктің қызметін тоқтату қайта ұйымдастыру немесе тарату жолымен болады.
- 2) Сондай-ақ, Серіктестік өзінің қызметін мына жағдайларда тоқтатады:
 - Егер жарғылық капиталды азайту нәтижесінде оның мөлшері қолданыстағы заңнамамен көзделген ең төменгі мөлшерден аз болып қалғанда;
 - Егер қатысушы қолданыстағы заңнамамен, сондай-ақ, қатысушының шешімімен белгіленген мерзімде серіктестіктің жарғылық капиталын құрмағанда;
 - Заңдармен көзделген өзге де жағдайларда;
- 3) Серіктестік:
 - Қатысушы шешімі бойынша;
 - Сот шешімі бойынша;
 - Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген өзге де жағдайларда таратылады.
- 4) Тарату қатысушы сайлаған немесе сот тағайындаған тарату комиссиясымен жүргізіледі.
- 5) Тарату комиссиясы тағайындалған сәттен бастап серіктестіктің ісін басқару бойынша өкілеттігі соған беріледі.
- 6) Серіктестікті тарату тәртібі мен мерзімі қатысушымен немесе сотпен белгіленеді. Кредиторлардың талап етуі үшін белгіленетін мерзім осындай талаптар үшін заңнамамен белгіленген мерзімнен кем бола алмайды.
- 7) Кредиторлардың талабын қанағаттандырудан кейін қалған Серіктестік мүлкін өткізудің нәтижесінде алынған ақша қаражаттары қатысушымен бөлінеді.
- 8) Бизнес – сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізіміне тиісті жазба жасалғаннан кейін заңды тұлғаның таратылуы аяқталады, ал заңды тұлғаның өмір сүруі тоқтатылады деп есептеледі.

Жалғыз қатысушы:

Жиенбаева Мирамкуль Байдашовна

Нөмірленіп, тіркелді:

бет

МДХ менсерушісі:

Ж.О.Едіпшина

20 18 жыл

